




ҰЛЫ ДАЛАДАҒЫ
ҰЛЫ АПАТ



2-бетте →

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ –
ҚОҒАМ ҚАЗЫҒЫ



4-бетте →

ЖҰРТ ЖАДЫНДАҒЫ
ЖОЛДАСБЕК



6-бетте →

ҮКІМЕТТІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ

БАРЛЫҒЫ ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІНЕ БАҒЫТТАЛУЫ ТИІС



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Онлайн форматта өткен жиында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2020 жылғы қорытындылары мен алдағы жоспары талқыланды. Жиынды ашып, күн тәртібі белгіленген соң Президент алғашқы сөзді Үкімет басшысы Асқар Маминге берді.

Алдымен былтырғы жылы атқарылған істер жайында баяндаған Премьер-министр 2021 жылғы басты мақсат – экономика өсімін 3 пайыз деңгейінде қамтамасыз ету, негізгі капиталға салынатын инвестицияны жалпы ішкі өнімнің 20 пайызына дейін, ал шағын және орта бизнестің үлесін 30 пайызға дейін жеткізу деп мәлімдеді. Сондай-ақ ол, агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін – 1,4 есе, өңдеу өнеркәсібін – 10 пайызға өсіру және жұмыссыздықты 4,9 пайызға дейін төмендету көзделетінін айтты. Ол үшін Үкімет бар күш-жігерін салып жұмыс істейтініне сендірді.

Одан соң Ұлттық Банк төрағасы Ерболат Досаев, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұмангарин, Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігінің төрағасы Қайрат Келімбетов, Қызылорда облысының әкімі Гүлшара Әбдіхалықова, Батыс Қазақстан облысының әкімі Ғали Ескалиев, Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Сқақов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев сөз алып, өздері басшылық ететін ұйымдар мен аймақтарда атқарылаған және атқарылатын істер жайында есеп берді.

Барлығын тыңдап, арасында өзі тікелей сұрақ қойып, мәселеге анықтық кіргізіп отырған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, сөз алғандардың барлығы жұмыстағы оң нәтижелер туралы айтқанын ескерте келе, негізгі міндеттерге және жіберілген қателіктерді түзету үшін атқарылатын жұмыстарға тоқталатынын жеткізді.

«Бірінші – экономикалық белсенділікті қол-

дау. Пандемия мен карантин шектеулері, сауда қатынастарының бұзылуы елдегі іскерлік белсенділікке кері әсерін тигізді. Көптеген ірі кәсіпорындардың көрсеткіші төмендеді. Әсіресе шағын және орта бизнес қатты зардап шегуде», – деген Мемлекет басшысы шағын және орта бизнес халықтың үштен біріне жұмыс тауып беріп отырғанын, бір сөзбен айтқанда, оның ахуалы қандай болса, халықтың да жағдайы сондай болатынын, сондықтан биыл шағын және орта бизнеске қолдау көрсету ең басты назарда болуы тиіс деп шегеледі. Осыған орай, Үкіметке «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, бір айдың ішінде қажетті іс-шаралар топтамасын әзірлеуді тапсырды.

Президенттің айтуынша, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» қабылданып, оған 1 триллион тенге бөлінген. Бұл қаржының 98,2 пайызы игерілді. Бағдарлама халықты еңбекпен қамтып, іскерлік белсенділікті қолдау үшін маңызды рөл атқарды. «Алайда ондаған және жүздеген мың жұмыс орны ашылғаны туралы ақпаратты тексергенде, ол зейнетақы және салық төлемдерімен сәйкес келе бермейді. Азаматтарды қағаз жүзінде ғана жұмысқа орналастыру белең алып отыр. Дәл осындай 15 мың жағдай тіркелген. Жұмысқа орналасты деген адамдардың үштен бірі зейнетақы қорына қаржы аудармаған болып шықты. Мұндай жағдай Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында анықталып отыр. Жалпы, еңбекпен қамтылғандардың 40 пайызға жуығы «көленкеде» қалып қойған», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондай-ақ ол Жұмыспен қамтудың жол картасына бөлінген 1 триллионнан небәрі 5,5 миллиард тенге салық төленгенін, бұл – бар болғаны жарты-

ақ пайызды құрайтынын ашына айтты.

«Ауыл шаруашылығын дамыту барысында жер қатынастары маңызды рөл атқаратыны белгілі. Биыл Жер кодексінің жекелеген нормаларына жарияланған мораторийдің мерзімі аяқталады. Осыған орай жер жөніндегі комиссияның жұмысын жандандыру қажет. Ұсыныстар байыппен талқыланып, түбегейлі шешім қабылдануы тиіс. Үкіметке биыл қараша айына дейін Жер кодексіне түзетулер енгізілуін қамтамасыз етуді тапсырамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жайылым мәселесіне арнайы тоқталған Президент, ол – ең алдымен ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керектігін ескертіп, жергілікті әкімдіктер жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмай отырғанын сынады. «Соның салдарынан, ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналуда», – деді Мемлекет басшысы. Оның айтуынша, жайылымның 99 пайызы шаруа қожалықтарының иелігінде. «Алайда, оның 36 пайызында ғана мал жайылады. Қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатыр. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдарды қайтарып алуды тапсырамын», – деді Мемлекет басшысы.

Ол сондай-ақ «Бастау – бизнес» бағыты бойынша 150 мың адам оқып шыққанымен, олардың тек 10 пайызы ғана несиеге, 19 пайызы грантка ие болғанын, 100 мыңнан астам адам мемлекет қолдауынан тыс қалғанын, әсіресе бағдарламаның ауылдағы түлектеріне қаржы жетпей жатқанын баса айтты. «Өйткені ауылда банктер мен даму институттарының бөлімшелері жоқ. Сондықтан бағдарламаның қаржы көлемін ғана емес оны жүзеге асыру ұстанымдары мен тетіктерін қайта қарауымыз керек. Оған білікті микроқаржы ұйымдарының белсенді қатысуын қамтамасыз ету – Үкіметтің міндеті. Халыққа берілетін шағын несиелердің ставкасы 6 пайыздан аспауы тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент агроөнеркәсіп кешені туралы ұлттық жоба әзірленіп жатқанын, алдағы бес жылда бұл мәселе шешілуі тиіс екенін айттып, оны алдағы маусымнан қалдырмай Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің отырысында қарауды тапсырды. Оның айтуынша, пайдаланылмай жатқан жайылымдар ауыл халқының игілігіне берілуі керек. Ауылдағы халық тең мүмкіндік беру тұрғысынан жаңа әрі серпінді шешімдерді күтіп отыр. Өйткені, ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналуда. Әсіресе Алматы, Түркістан облыстарынан арыз-шағымдар көп түсуде.

Жылы соңында биыл Тауелсіздігіміздің 30 жылдығы атап өтілетінін, осыған орай қолға алынған реформаларды қарқынды түрде жүзеге асыру қажеттігін айтқан Мемлекет басшысы: «Мерейтой кезінде артықданғана мен ысырапшылдыққа жол берілмейді. Біз осы шаралар арқылы бірлік пен келісімді нығайтып, өскелең ұрпақтың бойындағы патриотизмді дамытуға тиіспіз. Оларды егемендігіміздің және мемлекетіміздің құндылықтарын бағалай білуге үйретуіміз қажет. Сондықтан мен «Тауелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалада кәсіргі идеологиялық бағдарламаларды нақты атап көрсеттім. Біздің мақсатымыз – азаматтарымыздың тұрмыс сапасын жақсартып, табысын арттыру. Мемлекеттік органдардың әрбір шешімі, әрбір әрекеті экономиканы дамытуға және халықтың игілігіне арналуда тиіс. Бұл біздің қолымыздан келеді», – деп түйіндеді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

АУЫС-ТҮЙІС



Өсет ТҰРЫСОВ
ҚР Цифрлық даму,
инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі
вице-министрі лауазымына
тағайындалды



Ғабидолла
ӘБДРАХИМОВ
ҚР Мәдениет және спорт
вице-министрі болып
тағайындалды



Жанлос БҮРКІТБАЕВ
ҚР Денсаулық сақтау
вице-министрі қызметіне
тағайындалды



Нәзира ТОҒЫЗБАЕВА
Алматы қаласы әлеуметтік
әл-ауқат басқармасының
басшысы болып
тағайындалды

ГАЗЕТКЕ 2021 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Индекс 64722	Жазылу бағасы	
	қала	аудан/ауыл
6 айға	2 631,90	2 743,62
12 айға	5 263,80	5 487,24



ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ
ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

ТҮРКІСТАН-ТАШКЕНТ
ЕМІРЖОЛЫ САЛЫНАДЫ

Кешегі өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-министр Асқар Мамин Түркістан-Шымкент-Ташкент бағыты бойынша жүздек теміржол құрылысы басталатынын хабарлады.

Биылғы жылы жалпы құны 1,1 трлн теңгені құрайтын инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстары басталатынын мәлімдеген Асқар Мамин, атап айтқанда туристер ағынын арттыру үшін, экотуризм мен ұлттық саябақтарды перспективалық туристік бағыт ретінде дамыту бойынша кешенді шаралар қабылданатын жеткізді.

Еске сала кетсек, 2017 жылдың наурыз айынан «Тулпар-Тальго» жүздек пойызы «Ташкент-Алматы-Ташкент» бағыты бойынша жүре бастаған еді. Саяхат уақыты шамамен 17-18 сағатты құрайды. Пойыз жол бойында Отар, Шу, Тараз, Шымкент және Сарыағашқа соғады.

Сондай-ақ, тараптардың Самарқанд-Түркістан бағытымен жүретін пойызды іске қосу үшін жұмыс істеп жатқанын да айта кеткен жөн.

ҚҰРМЕТ



БАБЫР БИДІҢ ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШІ ҚАНЫШ ҚАЛАСЫНДА БОЙ КӨТЕРДІ

Заманында атағы кеңге жайылған тұлғалардың бірі болған Бабыр Бөкеншіұлы өрі би, өрі батыр, өрі өулие кісі болған. Ол 30 жылға жуық болыс болып, ел басқарған. Бабыр Бөкеншіұлының он ұлы мен он екі немересі Кенесары жасағында болып, ұлт-азаттық соғысына қатысқан.

2002 жылы Сәтбаев қаласының орталық көшелерінің біріне есімі берілген болатын. Енді

сол көшенің бойына бидің еңселі ескерткіші орнатылды.

Ескерткіш авторы – Еуразия Дизайнерлер одағының мүшесі Амантай Меңдіғалиев. Айрықша атап өтерлігі, ескерткіштің қаржылай шығынын бидің ұрпағы, кәсіпкер, ҚР еңбегі сіңген энергетик Өзденбай Жұманов өз қалтасынан төлеген.

Абдолла ДАСТАНОВ,
Сәтбаев қаласы,
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ